

## **«Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың сәулеті» бағыты бойынша білім беру бағдарламасы – сәулетші маманын дайындаудың негізгі бағыты**

Сәулет факультетінде білім беру бағдарламасы бойынша («Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың сәулеті» бағыты) білім ала отырып, сіз «сәулетші» мамандығының басты мақсатын жүзеге асыра бастайсыз: бізді қоршаған кеңістікті және оған адамдардың көзқарасын өзгерту мүмкіндігіне ие боласыз. Ғимараттар адамзат тарихының басынан бастап адамдардың өмірін неғұрлым жайлы және қауіпсіз етеді. Қазір сәулет тек ғимараттар және көшелер мен алаңдардың кеңістігі ғана емес, қалалардың әлеуметтік-экономикалық проблемаларын да шешу болып табылады. Сәулетші тек сәулет сызбаларын орындаушы ғана емес, өз ісін ұйымдастыра алатын және тұтынушылар мен тапсырыс берушілердің сұраныстарын нақты түсінетін тәуелсіз маман.

### **Сіз не үйренесіз?**

«Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың сәулеті» бағыты бойынша білім беру бағдарламасындағы негізгі бейінді пән - бұл сәулеттік жоба. Бір жағынан, кез келген құрылыс әрдайым сәулетшілер жасайтын жобаның сәулет бөлігінен басталады. Екінші жағынан - жобалау құжаттамасын жасаудың жобалық процесіне сәулетшімен бірге біртұтас үйлесімді командада жұмыс істейтін басқа да көптеген инженерлер мен мамандар қатысады.

Бастапқыда оқу сәулет жобалары қарапайым нәрселер - балалар алаңы, шағын тұрғын үй немесе павильон болады. Келесі курстарда студенттер банк, мұражай, демалыс үйі және басқа да тұрғын үй немесе қоғамдық ғимараттардың күрделі жобаларын орындай алады. Оқу жобалау барысында студенттер өз идеяларын қорғауға, ымыраға келуге және өндірістік процестің барлық қатысушыларының мүдделерін ескеруге үйренеді.

ҚР Кәсіби стандарттарының талаптарына сәйкес сәулетші ғимараттың концепциясын жасап қана қоймайды. Сондай-ақ, оның қызметі жобаны егжей-тегжейлі зерделеу, құрылымдарға жүктемелердің бөлінуі туралы және құрылыстың қандай технологияларын қолдануға болатындығы, пайдалануға жарамды аумақ қандай болатындығы және ғимарат қанша жыл қызмет ететіні туралы ақпаратты қамтиды.

Сәулет саласындағы жақсы маман болу үшін мамандықтың барлық қыр-сырын меңгеру үшін көп күш қажет. Сәулетші ғимараттың өзіндік тұжырымдамасы мен бейнесін ойлап табуға және іске асыруға қабілетті суретші болуы керек, сондай-ақ ғимараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатын инженер және қала тұрғындары үшін жайлы орта жасайтын әлеуметтанушы, тіпті тарихшы-зерттеуші болуы керек, өйткені ғимараттың сәулеттік бейнесінде уақыттың рухын және жердің аймақтық ерекшеліктерін көрсету қажет.

### **Сіз нені оқисыз?**

Жақсы сәулетші болу үшін «Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың сәулеті» бағыты бойынша білім беру бағдарламасын толық өту керек. Бірінші курстарда жалпы білім беру пәндеріне, қолдан жасалған сәулет графикасына және макеттеуге көп уақыт бөлінеді, бұл жобалау кезеңдерін орындау және эскиздеу дағдыларын дамыту үшін өте маңызды. Оқыту бағдарламасына компьютерлік графика және моделдеу бойынша сабақтар да кіреді. Барлық осы білім мен дағдылар сіздің идеяларыңызды және болашақ ғимараттың концепциясын білдіруге көмектеседі. Сәулетшілер жұмысының басым бөлігін компьютерлік бағдарламалардың көмегімен орындайтынына қарамастан, студенттер академиялық сурет, кескіндеме, мүсін оқиды.

Инженерлік мәселелерді түсіну үшін сызба геометрияның, геодезия, сәулет физикасының, теориялық механиканың инженерлік негіздеріне, құрылыс конструкцияларының инженерлік шешімдеріне көп уақыт бөлінеді. Әдемі және ыңғайлы ғимараттарды құрудың кәсіби критерийлерін білуге өнер және сәулет тарихы, экономика негіздері, өмір сүру қауіпсіздігі пәндері көмектеседі. Сәулет мамандығының студенттері жетекші жобалау компаниялары мен сәулет-құрылыс кәсіпорындарында кәсіби және өндірістік тәжірибе кезінде өздерінің тәжірибелік дағдыларын жетілдіреді.

### **Кім болып жұмыс істейсіз?**

2-3 курстың өзінде сәулетші студенттер жұмыс істей бастау үшін жеткілікті дағдыларға ие бола бастайды. Сәулетші-түлектер жобалау және ғылыми-зерттеу институттарында, сәулет қызметін басқару органдарында, сәулет-құрылыс бейініндегі өндірістік компанияларда жұмыс істейді. «Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың сәулеті» бағыты бойынша бітірген жас түлектер шағын сәулет және дизайнерлік шеберханалар мен бюроларда алған дағдылары мен құзыреттіліктерін қолдана алады, сонымен қатар өзінің шығармашылық студиясын құруға да мүмкіндігі болады.

### **Сізді кәсіпте не күтеді?**

Қазіргі таңда, технологиялардың қарқынды даму дәуірінде, сәулетші мамандығы әрқашанда ең қызықты және сонымен қатар күрделі шығармашылық мамандықтардың бірі болып қала береді. Сіз басқа әлемге – сәулет әлеміне, сәулет жобалары мен ойлағанды іске асыру технологияларын жасау әлеміне кіресіз. Сәулетші күрделі компьютерлік бағдарламаларда жұмыс істей білуі керек, болашақта оның жұмысының нәтижесімен не болатынын көре білуі керек. Сәулет заңдарын игеру қала кеңістігіне басқаша қарауға мүмкіндік береді. Бірақ қоршаған ортаны ғана көретін қарапайым адам сияқты емес. Қала көшелерімен жүріп уақытты, стильді, осы көшемен не болғанын түсінесіз. Сіз өнерді түсіне бастайсыз, сурет салуға және сәулет кәсібімен қатар жүретін басқа да білім салаларына қызығушылық таныта бастайсыз.

«Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың сәулеті» білім беру бағдарламасын игергеннен кейін сіз суретпен және сызумен байланысты кез келген қолданбалы мамандық бойынша жұмыс істей аласыз: сәулетші-дизайнер, инженер-жобалаушы, инженер-конструктор. Сондай-ақ, еркін суретші бола аласыз, мысалы, театрда, теледидарда немесе кинода декорация жасауға болады. Өзіңізді сәулет-дизайнерлік мамандықтар бойынша оқытушы болуға, магистратурада және PhD докторантурада ғылыми зерттеулерге арнауға болады. Сәулетші қай жерде жұмыс істесе де, дизайн кеңселерінде немесе өзінің шеберханасында болсын, сәулет өнерінде өмір сүре бастайды. Өйткені бұл мамандықтағы адамдар ешқашан тоқтамайды, ал сәулет олар үшін өмір салтына айналады.

### **Исходжанова Галина Рашетовна,**

Сәулет факультетінің «Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың сәулеті» бағыты академиялық профессоры,  
сәулет кандидаты